

УДК 004.738

Темирболатова Камила Серикқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Журналистика және саясаттану

факультеті, 3 курс студенті,

Ғылыми жетекшісі – Алғалиева Г.С.

gulnazym69@mail.ru

БАҚ конвергенциясындағы интернет- телевидениенің рөлі

Аннотация: Мақалада «БАҚ конвергенциясындағы интернет- телевидениенің рөлі» тақырыбына зерттеу жүргізілген. Қазіргі таңда интернет-телевизия дамудың жаңа деңгейіне шықты. Егер жақында ғана қарапайым адам үшін бұл мүмкін емес жағдайдың бірі болып көрінсе, қазір Интернет- телевидение үлкен пропорцияға ие болып отыр. Тиісті телеарналардың веб-сайттарында немесе компьютерлерге, смартфондарға немесе планшеттерге арналған арнайы қосымшалардың көмегімен теледидар арналарының IP-мекен-жайлары кіріктірілген деректер базасында таратылатын бағдарламаларды көруге болады. Алайда, интернет-теледидар сурет сапасынан, жылдамдықтың төмендігімен, сондай-ақ кадрлар санының аздығына байланысты, және сигнал тұрақтылығынан сондай-ақ кепілдендіру жағынан дәстүрлі телеарналарға қуып жете қойған жоқ.

Түйін сөздер: Интернет, телевидение, интернет- технология, синхрондылық, веб-портал, нарық.

Аннотация: Статья представляет собой исследование по теме «Интернет-телевидение». В ней представлены примеры и статистика. На сегодняшний день интернет- телевидение вышло на новый уровень развития. Если до недавнего времени это казалось невозможным для обычного человека с улицы, то теперь Интернет - телевидение - играет большую роль. Смотреть программы, которые транслируются на сайтах соответствующих телеканалов или в базе данных со встроенными IP-адресами телеканалов, можно с помощью специальных приложений для компьютеров, смартфонов или планшетов. Однако интернет-телевидение не догнало традиционные телеканалы по качеству изображения, низкой скорости, малому количеству кадров и стабильности сигнала, а также по гарантии.

Annotation: The article is a study on the topic "Internet TV". It provides examples and statistics. Today, Internet television has reached a new level of development. If until recently it seemed impossible for an ordinary person on the street, now the Internet - television - plays a big role. You can watch the programs that are broadcast on the websites of the respective TV channels or in the database with the built-in IP addresses of the TV channels using special applications for computers, smartphones or tablets. However, Internet TV has not caught up with traditional TV channels in terms of image quality, low speed, low frame rate and signal stability, as well as warranty.

The main purpose of the article is to distinguish between Internet television and traditional TV channels, to study their features and forms. In addition, the article contains world-class data.

Abstract: Keywords: Internet, television, Internet technologies, synchronicity, web portal, market.

Бүгінгі күнді бүкіләлемдік желісіз елестету мүмкін емес. «Интернет» және «телевидение» жаһандық дамудағы бұқаралық коммуникацияның алар орны техника жетістігімен және жаһандық желісінің қуаттылығымен айқындалады.«Интернет» және «телевидениенің»жеке дара атқарар қызметі өз алдына бір төбе. Алайда «интернет-телевидение» деп, бір жүйеге енгізілген бұл бағыт тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзіндеқаншалықты жаңашылдыққа ұмтылатындығында. Мұны БАҚ-тың жаңа формасы ретінде қарастыра аламыз ба? Қалыпты телеарналардан айырмашылығы қандай? Интернеттің жаңа моделін негізге ала отырып, қазіргі уақытта медиаиндустрия елеулі өзгерістерге және реформалауға ұшырады. Шын мәнінде, бұқаралық ақпарат құралдарының конвергенциясы - бұл конвергенция процесінде интернет басым болатын интернет-технологиялар және өнеркәсіп арқылы басқарылатын революция. Интернет дәуірінде телевизиялық БАҚ пен интернет көптеген аспектілерде терең интеграцияға қол жеткізді. Интернет - күнделікті өмірдегі коммуникацияның, жарнама таратудың аспектілерін өзгертіп, теледидар қызметіне түбегейлі әсер етті. Теледидар нарықтарында технологиялық режимдегі ауытқушылықтарды күшейткен - кабельдік және спутниктік таратуды енгізу болды. Бұл технологиялар радиохабар тарату кезіндегі қолжетімділіктен әлдеқайда көп арналарды қамтамасыз етті. Көптеген кабельдік арналар осы

синхрондылықты шектеу мақсатында шығарылымдарын түрлі уақытқа бөлді. «TiVo» сияқты бағдарламаны жазу құрылғылары, «бағдарламаны бір рет жазып, оны екінші рет ойнату» әдісі бойынша синхрондылықтың шектелуін еңсеруге тырысты. Соңғы жылдары көптеген кабельдік жүйелер көрермендерге кабельдік бағдарламалардың шағын жиынтығын көруге мүмкіндік беретін «асинхронды» қызмет түрін ұсынды.


Интернет сервистері синхрондылықты шектеуді толығымен жойып, осы ескі технологиялардың кез келгенімен салыстырғанда көру параметрлерінің жиынтығын едәуір жақсартып алады. Бұл өзгеріс әрбір тұтынушының өз иелігіндегі музыканың әлемдік қорының болуына септігін тигізеді. Бұл әдіс Голдштейннің (1995) «музыканың ғаламдық автоматы» жайлы идеясымен тығыз байланысты. Бұл тұжырымдама, бейне бағдарламалауға және сандық ойын-сауықтық бағдарламалардың барлығына бірдей қолданылуы мүмкін. Кабельді және спутниктік бағдарламалау эфирдегіден әлдеқайда қолжетімді бағдарламаларды қамтиды. Интернет арқылы хабар берілгенге дейін кабельдік және спутниктік теледидарсыз көрермендер эфирлік телевизиялық хабар таратудың дәстүрлі сигналдарының аздаған санымен шектелді. Кеңінен таратылатын телеарналарды пайдалану айтарлықтай артып келеді, сондықтан пайдаланушылар саны (масштабталу) және трафикті басқару қажеттілігі (өткізу қабілеті) желі параметрлерін жобалау және анықтау үшін кәдімгі проблемаға айналды. Кеңінен таратылатын хабарлар және тікелей арналар контентті тарату сценарийлерін өткізу қабілетіне үлкен сұраныс тұрғысынан тұрақты негізде жұмыс істеуге қатаң талаптар қояды. Пайдаланушылардың сапасы мен санына қатысты күтілімдерді қанағаттандыру үшін неғұрлым тиімді қосымшалар енгізу, сонымен қатар, интернет-провайдерлер мен желілік операторлар инфрақұрылымының неғұрлым бай болуын ескере отырып, қызметтерінің деңгейін қамтамасыз етуге қажеттілік туындайды.

Интернет-телевидение - телевизиялық контенттің ғаламтор арқылы таралуымен жүзеге асырылатын процесс, үнемі жаңашылдыққа ұмтылып, дамып отыратын желі. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі тәуелсіз студиялардың, топтардың және адамдардың жасап шығарған көп қырлы әрі жан-жақты видео-материалдарының тұтас әлемі іспетті. Бұл желіде көптеген ірі және орта видео операторлар өз авторлық контентін ұсынып отыратыны жасырын емес. Ең алдымен, басты мәселеге тоқталсақ...

Жалпы интернет-телевидение – көрермендердің қалыпты телеарналардан көретін бағдарламаларына қарағанда, өте кең әрі ауқымды медиа-өнімдерді, хабарламаларды, көрсетілімдерді ұсынуға ерекше қабілетті. Сондай-ақ, әр пайдаланушыға көрсетілімдерді ашық форматта ұсына алады. Көрермендерге ашық платформалы, эфирге ұсынылатын каналдардан басқа шын мәнінде шектелмеген авторлық және тәуелсіз интернет каналдарына да кепілдік береді. Әрдайым жаңашылдыққа негізделіп отыратын интернет тв – қазіргі таңда көрермендері үшін ыңғайлы, барлық талаптарға сай, кез-келген қоғамдық игіліктерді жүзеге асыра алатын функцияларға ие. Айта кетсек, хабарды таратушы - интернет-провайдермен кабельдік операторға мүлдем тәуелсіз, бірден көрермендермен тікелей канал байланысына шығады. Интернет-телевидениенің кез-келген техникалық шешімі, пайдаланушының хабарды алып отырған құралына көп жағдайда тәуелсіз болатыны рас. Көптеген сервистер веб-порталдардың ішінде поштамен, тексттік және графикалық редакторлармен, күнделіктермен қалай интеграцияға түссе,

интернет-телевидение де пайдаланушылар өмірімен дәл сондай веб-интеграцияға түсетіні жасырын емес. Ақпарат заманының жылдамдығына ілескен технологиялардың күн сайын дамуы - қоғам өміріне де өз құзырын жүргізіп, байырғылықты ысырып тастауға мәжбүрледі деуіміз артық болмас. Нәтижесі, жаһандық бәсекелестіктің заманындағы толассыз ақпараттарға қанығу болмақ. Интернет- телевидениенің хабарларына кейбір қалыпты телеарналардағыдай шекаралық шектеу жоқ, барынша жаһандық аудиторияға есептелген, алайда, хабар контентті тарататын құқыққа қайшы болмауы тиіс екенін ескерген жөн. Интернет-телевидениенің моделінің бағытына келер болсақ, ол жалпылама аудиторияға емес, мақсатты аудиторияның қызығушылына жақын, көптеген каналдарға бағытталып отырады. Осының нәтижесінде интернет-хабарламаның сегменттелуі жүзеге асады. Нәтижесінде жеке мамандандырылған каналдардың пайда болуына әкеп соғады. Мәселен, адвокаттарға арналған және өнер иелеріне арналған арналарды алсақ та болғаны. Түрлі рубрикаларға негізделген өз өнерлерін жіберіп отырады. Челси футбол клубы өздерінің ауқымды хабарлама жүйесіне кіру қызметін ұсынады. Интернет-трансляциялардан басқа каналға жазылушылар клуб жаңалықтарынан хабардар болып, тіпті e-mail арқылы сүйікті командасының ойыншыларымен хат алмаса алады дегендей мысалдарды айтуға болады.

В минутах на человека в день, оценка Zenith



* включая мобильные устройства

Дүниежүзілік желіде 366 миллионнан астам жаңа пайдаланушылар пайда болды - бұл күн сайын 1 миллион адам немесе секундына 11 қолданушы пайда болды. Адамдардың желіде көбірек уақыт бөлуінің бірден-бір себебі - дамушы елдерде арзан смартфондардың, қол жетімді интернеттің көбеюі. Орташа алғанда, адамдар күн сайын желіге 402 минут жұмсайды.

Демек, хабар таратушының құзырындағы конвергенция, шектеусіз ақпарат архивы, қосымша сервистер мен хабарламалардың персоналдылығы, аз шығынды технологиялық тізбе және интерактивтік бағыттарды интернет-телевидение моделі арқылы көз алдымызға осылайша елестете аламыз.

Интернет-теледидар интернет инфрақұрылымының дамуымен қатар шарықтауда. ADSL-қосылымының технологиясын тарату барысында сапалы өнімдерге қол жеткізілуде. Алайда, интернет-теледидарда да бірқатар проблемалар жоқ емес. Негізгі проблеманың бірі - бейне және дыбыс сапасы. Хабар таратушылар бейнені желіде трансляцияға бейімдеуге және сапасына теріс әсер етпес үшін компрессациялауға тиіс. Интернеттегі бейне сапасына әсер ететін негізгі факторлар пайдаланушылардың желіге қосылу жылдамдығы мен трафик бағасы болып табылады. Интернет-тв дамуына желіге лимитсіз қосылу бағасын біртіндеп ырықтандыру түрткі болып отыр. Бұдан басқа, бейнематериалдарда авторлық және сабақтас құқықтарға қатысты бірқатар проблемалар бар. Дәстүрлі телеарналардың көпшілігі, соның ішінде ВВС, өз бағдарламаларын ғаламторда ел аумағы арқылы таратуды шектейді, себебі трансшекаралық хабар таратуға құқығы жоқ. Сәйкесінше, YouTube ережелері сайтқа авторлық құқық туралы АҚШ заңында жазылға бейнелерді жүктеуге тыйым салады. Компания қызметкерлері қарақшылық контенттерді жиі жойып отырады. Осыған қарамастан, сервиске авторлық құқықпен қорғалған көптеген бейнелерді жүктеу жалғасуда. Компания қызметкерлері оған құқық иеленушілер немесе сервис пайдаланушылары тарапынан шағым түскен соң ғана назар аудар алады. Алайда, кейде пайдаланушылардың шағымдарында заңды бейнероликтер «қарақшылық» деп танылады. Интернет-технологиялардың даму жылдамдығы әдетте олар туралы теориялық түсініктердің эволюциясынан озады. Алайда, кейбір тенденциялар анық көрсетіледі. Әлемде YouTube желісі «маңызды саяси құрал» болады деп күтілуде. YouTube желіде ең көп трафик тартады және америкалық интернет пайдаланушылардың ең сүйікті әлеуметтік медиа тізімінде үнемі бірінші орынға ие әрі президенттік сайлау компаниясы кезінде маңызды рөл атқарады.

Видео-технологиялар сондай-ақ виртуалды әлемдерде де тарайды. Оған айқын дәлел, Нью-Йорк қаласының күнделікті шығарылатын «New York Times» газеті жаңа технологиялардың мүмкіндігін тиімді пайдаланып отыр. Атақты американдық басылым қолданушыларға оқиғалар панорамасын көруге немесе репортаждың виртуалды қатысушысы болуға мүмкіндік беретін кәсіби журналистикадағы NYT VR алғашқы мобильді виртуалды шындық қосымшасын ұсынды. Виртуалды әлем осы уақытқа дейін ойындарда, арнайы қосымшаларда қолданылса, бүгінде мерзімді баспада оқиға желісіне тікелей еруге, сезінуге мүмкіндік беріп отыр. Қолданбаның шығарылымында соғыстан қоныс аударған үш түрлі баланың өмірі туралы 10 минуттық әңгіме бар: Ливандағы сириялық босқындар қонысы, Оңтүстік Судандағы ішкі қоныс аударушылар лагері және Украинаның шығысындағы соғыс жүріп жатқан ауыл туралы репортаждар. Интернет - виртуалды-теледидардың жаңа формаларының пайда болуын дәл осы әлемдерде күту қисынды» дейді американдық ғалымдар.

Қорыта келгенде, интернет-телевидениенің қалыпты телеарналардан айырмашылығы жермен көктей десек артық болмас. Қазіргі замандағы мультимедия арналары ақпараттардың кең көлемде таралуын қамтамасыз ету мақсатында айтулы жетістіктерге жеткендігі өз алдына бір төбе. Интернет – телевидение – ол ақпараттың еркін айырбасы орын алатын ұлттық, өңірлік және жергілікті желілерді біріктіретін жүйе. Бүгінгі таңда БАҚ құралдарының электрондық нұсқаларының технологиялық мүмкіндіктері интерактивтіліктің жоғарырақ деңгейіне өтуге жағдай туғызатындықтан, одан жалпылама, топтық аудиториямен, тұлғаланған адресатпен ақпараттық өзара

әрекеттесу элементіне айналған БАҚ дамуының аспектілерін көреміз. Көпшілік жағдайда желілік журналистика, негізінен, басқа БАҚ пен ортақ элементтерге сүйенеді. Интернеттің пайда болуына байланысты журналистер өздерінің кәсіби шеберліктерін жетілдіріп, көтерудің жаңа құрылысына, азат құралына ие болды. Тұтынушы үшін цифрлық төңкеріс бұқаралық ақпарат құралдарының барлық жерде кең етек жая бастағанын білдіреді: теледидарлар, компьютерлер, ұялы телефондар, сымсыз планшеттер - бұлардың барлығы теледидарлық контентті қосқанда ақпарат құралдарына айналды. Мүмкін, бірнеше жылдан кейін «теледидарлық контент» деген ұғымның өзі жойылып, тек «(сандық) медиа-мазмұн» деген түсінік қалады. Цифрлық революцияның мұндай дамуы қоғам үшін, экономика үшін және бизнес үшін зардаптарға әкелмесіне кім кепіл.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. https://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=1&SID=F43KBSkuzHeoGQVLniw&page=10&doc=100(27.02. 2021)

2. Назаров М.М. Массовая коммуникация в современном мире: методология анализа и практика исследований. М.: УРСС, 2000. С. 84. (02.03.2021)

3. Егоров В. Телевидение между прошлым и будущим. М., 1999(04.03.2021)

4. Иноземцев В. Перспективы постиндустриальной теории в меняющемся мире. В кн.: Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология / Под. ред. В.Л. Иноземцев. М.: Academia, 1999. С. 38-41. (24.02.2021)

5. https://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=1&SID=F43KBSkuzHeoGQVLniw&page=3&doc=30(27.02..2021)

6. <https://kantar.kz/research/internet> (02.03.2021)